

"Қалаға сіңірген еңбегі үшін" белгісімен наградталған Екібастұз қаласы азаматтарына әлеуметтік төлем төлеудің Қағидалары туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімиятының 2004 жылғы 7 сәуірдегі N 177/4 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 5 мамырда N 2423 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 27 шілдедегі N 447/8 қаулысымен

Есерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 27 шілдедегі N 447/8 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес және "Қалаға сіңірген еңбегі үшін" белгісімен наградталған азаматтардың қаланың дамуы мен қалыптасуына қосқан зор үлесін ескере отырып, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қалаға сіңірген еңбегі үшін" белгісімен наградталған азаматтарға әлеуметтік төлем төлеу туралы Қағида (бұдан былай - Қағида, қоса беріліп отыр) б е к і т і л с і н .

2. "Екібастұз қаласының халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қағидаларға сәйкес әлеуметтік төлемдерді төлесін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары **Ғ.Ш.Балтабековаға** жүктелсін.

4. Аталмыш қаулы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуден өткен соң және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін күшіне енеді.

Екібастұз қаласының әкімі В.Набитовский

Екібастұз қаласы әкімдігінің
2004 жылғы 7 сәуірдегі

"Қалаға сіңірген еңбегі үшін"
белгісімен наградталған Екібастұз қаласы
азаматтарына әлеуметтік төлем төлеудің
Қағидалары туралы "
N 177/4 қаулысымен

бекітілген

**"Қалаға сіңірген еңбегі үшін"
белгісімен наградталған Екібастұз қаласы**

азаматтарына әлеуметтік төлем төлеу туралы

Қ А Ғ И Д А

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148 Заңына сәйкес жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтарға әлеуметтік төлемдер төлеудің тәртібін анықтайды.

2. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау "Қалаға сіңірген еңбегі үшін" белгісімен наградталған тұлғалардың белгіленген үлгідегі өтініштері бойынша (1 -қосымша) "Екібастұз қаласының халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесімен орындалады.

Ө т і н і ш к е :

- 1) тұрғылықты жерінен анықтама;
- 2) наградталғанын растайтын құжат көшірмесі;
- 3) жеке куәлігі көшірмесімен;
- 4) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 5) банк филиалы көрсетілген жеке есеп шот нөмірі қоса беріледі.

Әлеуметтік төлемдер өтініш берілген айдан бастап төленеді.

3. Бір адамға айына төленетін әлеуметтік төлем мөлшері қалалық көліктегі жолақысына, телефон байланысы мен коммуналдық қызметіне өткен жылдың 50 пайызы есебімен ай сайын төленетін болып анықталады.

4. Төлем екінші деңгейдегі банктерде өтініш берушінің жеке шоттарына ақшалай қаражат аударылу жолымен төленіп отырады.

5. Әлеуметтік төлемді қаржыландыру жергілікті өкілетті атқару органдарымен бекітілген жылдық бюджет аясында жүзеге асырылады.

6. "Екібастұз қаласының халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік төлемдерді қамтамасыз етуге 258-051-000 "Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекеленген санаттарына әлеуметтік төлемдер" бюджеттік бағдарламасы бойынша қажетті қаражат туралы қаржы басқармасына ай сайын тапсырыс беріп отырады.

"Қалаға сіңірген еңбегі үшін"

белгісімен наградталған Екібастұз қаласы
азаматтарына әлеуметтік төлем төлеудің

Қ а ғ и д а л а р ы н а
қосымша

Халықты әлеуметтік қорғау
басқармасының бастығы

З . Б . О с п а н о в қ а

мекен - жай да

т ұ р а қ т ы

т ұ р а т ы н

СТН -----

С а л ы м -----

Банк филиалы _____

Ө Т І Н І Ш

"Қалаға сіңірген еңбегі үшін" белгісімен наградталған тұлға ретінде ақшалай төлем тағайындауыңызды сұраймын. Өтінішке қоса:

- тұрғылықты жерден анықтама;
 - наградталғанын растайтын құжат көшірмесі;
 - жеке куәлікті көшірмесімен;
 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- банк филиалы көрсетілген жеке есеп шотты жолдап отырмын.

Күні _____

Қолы _____